



«Бекітемін»
МШКО кәсіптік білім беру
орталығы» КММ директоры
А.Ақылбек
«_____» _____ 2020 ж.

«Ұлттық сананы жаңғырту – ұлттың ұлы мұраты»
техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының
студенттері арасында өтетін облыстық қашықтық
ғылыми жобалар байқауының

ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қ., 2020 ж.

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Ұлттық сананы жаңғырту – ұлттың ұлы мұраты» облыстық қашықтық ғылыми жобалар байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, өткізілу мерзімін, тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1.2. Байқау Шығыс Қазақстан облысы кәсіптік білім беру орталығы қоғамдық ғылымдар негіздері пәні оқытушылары облыстық әдістемелік бірлестігінің жоспарына сәйкес өткізіледі. Өткізілу мерзімі: 09 желтоқсан 2020 жылы. Өту форматы – қашықтан. Байқаудың басталу уақыты: сағ. 14.00. Тіркелу уақыты: сағ. 13.30 -14.00.

1.3. Байқауға техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының студенттері қатысады.

1.4. Байқау мемлекеттік тілде жүргізіледі.

1.5. Байқауға қатысу туралы өтінім (Қосымша 1) мен студенттердің ғылыми жобалары nur_020@mail.ru электрондық мекен-жайы бойынша 2020 жылдың 04 желтоқсанына дейін қабылданады.

1.6. Ғылыми жоба байқауының бағыттары:

- «Туған өлке тарихы – ұрпаққа тағылым»;
- «Діни сана және имандылық негіздері»;
- «Ұлттық сана жаңғыруы және тарихи тұлғалар өнегесі»;
- «Кәсіпкерлік - ел өркендеуінің тірегі».

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты:

- техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі студенттердің ғылыми шығармашылық әлеуетін дамыту, ғылыми-зерттеу дағдысы мен біліктілігін арттыру;
- ұлттық сананы жаңғырту негізінде рухани-мәдени және білім беруді дамытудың сабақтастығы мен прогресшілдігін қамтамасыз ететін зияткерлік әлеует қалыптастыру;
- қоғамдық сананы жаңғырту, жастардың бойындағы отаншылдық сезімді нығайту.

2.2 Міндеттері:

- еліміздің рухани жаңғыруына жастардың қосар үлесін анықтау, бағалау;
- жастардың рухани, шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерінің шыңдалуына, қоғамдағы белсенділіктерінің артуына, отаншылдық сана-сезімінің жетілуіне ықпал ету.

III. Байқаудың ұйымдастырушылық жұмысы

3.1. Ғылыми жобалар байқауының Ережесін дайындап, өткізілу тәртібін қадағалайтын арнайы ұйымдастырушылық комитет құрылады.

3.2. Ғылыми-шығармашылық байқаудың қатысушыларына баға беру үшін ұйымдастырушылық комитеттің шешімімен қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамына Семей қаласындағы ЖОО мен техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының білікті оқытушылары және қалалық ішкі саясат бөлімі, «Нұр Отан» партиясы, қалалық жастар ұйымдары мамандары енеді.

IV. Ғылыми жобалар байқауын өткізу тәртібі

4.1. Облыстың ТЖКБ мекемелері Байқауға екі студенттен қатыстыра алады.

4.2. Ғылыми жобалар байқауын өткізу екі кезеңнен тұрады.

4.3. Іріктеу кезеңінде байқау жұмыстары жоғары бағаланған 10 студент Байқаудың екінші кезеңіне қатысуға жолдама алады.

4.4. Байқаудың бірінші кезеңінен іріктелген қатысушылар ІІ кезеңде өз жұмыстарын ауызша қорғайды. Әр қатысушының жобаны қорғау лимиті 7-10 минутқа дейін. Көпшілік алдында қорғау кезінде техникалық құралдар мен көрнекіліктер пайдалану міндеттеледі.

4.5. Зерттеу жұмыстарын рәсімдеуге қойылатын талаптар:

4.5.1. Жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар

Жоба мәтіні (суреттер мен сызбаларды қоса А4 форматында 10 беттен аспайтын) Microsoft Word редакторының мәтінінде, Times New Roman қарпімен (қаріп өлшемі – 12, жоларалық қашықтық – 1, сол жағы – 3 мм, қалған жақтары – 20 мм, жаңа жол бойынша шегініс – 1 см) теріледі. Жоба мәтіні түзетілмейді, түпнұсқа болып саналады. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен немесе талаптарға сай келмейтін материалдар қаралмайды және қайтарылмайды. Жұмыс үлгіде көрсетілгендей рәсімделеді.

4.5.2. Графикалар мен диаграммалар – MS-Excel, суреттер jpg форматында.

4.5.3. Жобада келесі бөлімдер болуы керек:

- титул беті;
- мазмұны;
- кіріспе – тақырыптың таңдауын негіздейді және жұмыстың өзектілігіне, оның мақсаты мен мәселесін, зерттеудің материалдары мен әдістері;
- эксперименталды бөлімі; жұмыс нәтижесі және оларды талқылау;
- қорытынды (түйіні, мінездеме беру);
- қолданылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

4.5.4. Титул бетін рәсімдеу (Қосымша 2)

- ұйымның толық атауы;
 - жұмыстың тақырыбы;
 - бағыты;
 - орындаған (аты-жөні, курс мамандығы)
 - жоба жетекшісі (А.Ж.Т., лауазымы);
 - жұмыстың орындалған жылы.
- Мәтіндегі қателерге тексеру қажет.

Қойылған талаптарға сәйкес келмейтін жобалар байқауға қатыстырылмайды.

V. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

5.1. Байқауға қатысушылардың жоба жұмыстары біліктіліктерінің әсер етуінің төрт құрастырушы көрсеткіштері бойынша, келесі ұйымдастыруының деңгейлері бойынша бағаланады:

4 ұпай – жоғары; 3 ұпай – орташадан жоғары; 2 ұпай – орташа; 1 ұпай – орташадан төмен.

| Біліктіліктерінің әсер етуінің көрсеткіштері | | Студенттің тегі, аты-жөні | | | | |
|---|--|------------------------------|--|--|--|--|
| <i>Пәндік-ақпараттық құрылым (максималды мәні – 8 ұпай)</i> | | | | | | |
| 1 | Жоба тақырыбы бойынша нақтылы материалдар мен негізгі терминдерді білу | | | | | |
| 3 | Ақпарат көздерін білу | | | | | |
| <i>Әрекетті-коммуникативтік құрылым (максималды мәні –12 ұпай)</i> | | | | | | |
| 1 | Мәселелерді айқындау және оның өзектілігін негіздей білу | | | | | |
| 2 | Қойылған мақсат пен алынған нәтиженің қатынасын білу | | | | | |
| 3 | Тілдік құзіреттілігін көрсете алуы, ойын еркін жеткізуі | | | | | |
| <i>АКТ-құрылым (максималды мәні – 12 ұпай)</i> | | | | | | |
| 1 | Ақпараттық кеңістікті тиімді ұйымдастыра білу | | | | | |
| 2 | Қолданылатын бағдарламалық өнімдерді негіздеу | | | | | |
| 3 | Жұмысты рәсімдеудегі өзіндігі мен креативтілігі | | | | | |

Максималды мүмкін ұпай саны – 32.

VI. МАРАПАТТАУ

6.1. Қатысушылардың алған нәтижелері бойынша Байқау жеңімпаздары айқындалады. Байқаудың талаптарына сәйкес, ең көп ұпай санын жинаған қатысушылар Байқау Жеңімпазы деп саналады.

6.2. Байқау жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

6.3. Сондай-ақ, байқау қатысушылары әділ қазылар шешімімен «Зерделі зерттеуші», «Жаңашыл идея», «Парасатты пайым» номинациялары бойынша грамоталармен марапатталады.

Барлық сұрақтар бойынша ұйымдастыру алқасына хабарласуға болады:
Байланыс телефондары: 8 707 657 00 08 Төлеуғазы Камалұлы Мұқанов
8 775 176 16 41 Нұржан Әшімұлы Сағымбеков
E-mail: nur_020@ mail.ru

Қосымша 1

«Ұлттық сананы жаңғырту – ұлттың ұлы мұраты» облыстық қашықтық ғылыми жобалар байқауына қатысуға

ӨТІНІМ

| | | |
|----|---|--|
| 1. | Қатысушының тегі, аты-жөні (толығымен) | |
| 2. | Оқу орны | |
| 3. | Мамандығы, біліктілігі, курсы | |
| 4. | Мекен-жайы (индексі көрсетілуі міндетті) | |
| 5. | Телефон, электронды пошта, факс | |
| 6. | Ғылыми жоба тақырыбы | |
| 7. | Бағыт атауы | |

Қосымша 2

Титульдық бетті ресімдеу үлгісі

| | |
|-----------|--|
| | (оқу орны атауы) |
| Бағыты: | |
| Тақырыбы: | |
| | Авторы: (аты-жөні, тегі толығымен) |
| | Мамандығы, курсы: |
| | Жетекшісі: (аты-жөні, тегі толығымен, оқу орны) |
| | 20__ жыл |

